

СТ 84

Ceresit


КӨБІКПОЛИСТИРОЛҒА АРНАЛҒАН ПОЛИУРЕТАН ЖЕЛІМ



Қасбеттердің сыртқы жылу оқшаулау жүйелерін монтаждау кезінде көбікполистирол тақталарын бекітуге арналған бір компонентті полиуретан желім

ҚАСИЕТТЕРІ

- қасбеттерді жылыту бойынша жұмыстарды орындау мерзімдерін айтарлықтай қысқартады (қорғау қабатын бір күн ішінде бекіту, дюбельдеу және құру бойынша жұмыстарды орындауға мүмкіндік береді);
- минералдық негіздерге және көбікполистиролға жоғары жабысулығы бар;
- жақсы жылуоқшаулағыш қасиеттерге ие;
- суға төзімді;
- төмендетілген температура және көтеріңкі ылғалдылық кезінде жұмыстарды орындауға мүмкіндік береді;
- қолдануы ыңғайлы және оңай;
- құрамында фреондар жоқ;
- үнемді.



ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

СТ 84 желімі жаңа құрылыста және ескі ғимараттарды термореновациялау кезінде Ceresit VWS (көбікполистирол) қасбеттерін сыртқы жылуоқшаулау жүйелерін құру кезінде көбікполистирол тақталарын бекітуге арналған.

СТ 84 бетонға, цемент сылақтарға және басқа минералды негіздерге, сондай-ақ ағашқа, ағаш-жаңқа тақталарға, OSB тақталарға, - мозаикалық қаптауышқа және т.б. жоғары жабысқақтығы бар.

Көбікполистирол тақталардың бетінде шыны тормен арматураланған қорғайтын қабатты дайындау үшін СТ 85 немесе СТ 190 қоспасын қолдану керек.

НЕГІЗДІ ДАЙЫНДАУ

Негіз ҚНЖЕ 3.03.01-87 және 3.04.01-87 талаптарына сәйкес болуға және жеткілікті көтергіш қабілеті болуға тиіс. Негізді шаңсыздандырып желімнің жабысқақтығын төмендететін заттардан (тұз дақтарынан, майлардан, битумнан және т.б.) тазарту қажет. Беттің осал, опырылатын учаскелерін және қабыршақтанған жерлерді жою қажет. Үлкен жарықтарды және шұңқырларды СТ 29 жөндеу сылағымен



жылытқышты бекіткенге дейін кем дегенде 2 тәулік қалғанда толтыру керек. Ластануларды, бу өткізбейтін және қатпарланатын сырлау жабындарын қысымдағы су ағыншасымен толығымен жою керек. Саңырауқұлақпен, балдырлармен немесе мүкпен зақымдалған беттің учаскелерін металл шөткелермен тазартып СТ 99 фунгицидтік құралымен өңдеу керек.

Ескі кірпіш қалауларды, сылақтарды, бу өткізгіш сырлау жабындарын шаңнан тазартып, қысымдағы су ағыншасымен жуып толығымен кептіру керек.

Қатты сіңіргіш негіздерді, мысалы, газ-бетон немесе силикат блоктардан жасалған қалауларды СТ 17 астарымен екі рет өңдеп кем дегенде 4 сағат ішінде толығымен кептіру керек.

Желімді төмендетілген температура жағдайында пайдаланған кезде негіз мұзбен, қармен немесе қыраумен жабылмауға тиіс.

ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ

Компоненттерді біркелкі араластыру үшін баллонды шамамен 20 рет екіпіндеп шайқаңыз. Содан кейін баллонның қысымтығынынан қорғау қалпақшасын шешіңіз және, баллонды қысымтығынын жоғары қаратып тегіс бетке орнатып, баллон қысымтығынын монтаждық пистолеттің отырғызу орнымен сәйкестендіріңіз. Бір қолмен монтаждық пистолетті жоғарыдан төмен қарай басып тұрып, екінші қолмен, баллонды сағат тілі бағытына қарсы айналдырып, баллон қысымтығынын монтаждық пистолеттің отырғызу орнына тірелгенше бұраңыз.

Назар аударыңыз! Монтаж пистолетінің қысымтығыны баллонды орнату алдында жабық болуға тиіс!

СТ 84 желімін монтаждық пистолетпен баллонды жоғары қаратып, пистолет пен тақта арасындағы арақашықтықты желімді дұрыс жағу үшін жеткілікті етіп сақтап жағады. Желімді тақтаның периметрі бойынша шеттен ~ 2 см шегініспен және тақта ортасы арқылы бір жолақпен, оның ұзын жақтарынан бірдей қашықтықта жағады. Содан кейін тақтаны қабырғаға бірден салып кішкене күш салып ұзын үккіштің көмегімен қысу керек. Көбікполистирол тақталары бетінің тегістігін оны желімдегеннен сәттен бастап ұзын үккіштің көмегімен 20 мин ішінде түзетуге болады.

Тақталарды тігістердің бір-біріне тығыз Т-тәрізді байламмен бір

Henkel

Качество для Профессионалов

жазықтықта бекіту керек. Тақталар арасындағы саңылау 2 мм-ден аспауға тиіс. Тақталар арасындағы ірілеу саңылауларды көбікполистирол кесінділерімен немесе полиуретан көбікпен тығыз толтыру қажет.

Тақталарды ұзын құламаларда немесе балкон тақталарының төменгі бетінде бекіткен жағдайда, өздігінен желімденетін таспамен жабдықталған қосымша бекіткіш элементтерді және түйреуіштерді пайдалану керек. Бұрыштықтың үлкен жағында орналасатын өздігінен желімденетін таспадан қорғайтын қағазды шешіңіз. Бұрыштықтың кішірек жағы жылытқыш тақтасының шетжақты бетіне жанасу үшін бұрыштықты негізге желімдеңіз. Тақтаны бекітіп тегістегеннен кейін оның күйін тіркеу үшін бұрыштықтың тегісіне түйреуішті салыңыз. Келесі тақтаны түйреуіштің шығып тұрған бөлігіне алдағы тақтамен беттестіре отырғызыңыз.

Желімдегеннен кейін 2 сағат өткенде көбікполистирол тақталарды ажарлауға, дюбельдермен қосымша бекітуге және олардың бетінде СТ 85 немесе СТ 190 қоспаларынан қорғайтын арматуралағыш қабатты дайындауға болады.

Желімнің жаңа қалдықтарын Makroflex Premium Cleaner тазартқыш сұйықтығы немесе Момент Монтаж тазартқышы немесе ацетон көмегімен, кеуіп кеткендерді - тек механикалық әдіспен кетіруге болады. Бірден баллонды шығарғаннан кейін пистолетті Makroflex Premium Cleaner тазартқыш сұйықтығымен, Момент Монтаж тазартқышымен немесе ацетонмен тазарту керек.

ҰСЫНЫСТАР

Жұмыстарды құрғақ жағдайларда, ауа және негіздің температурасы -10-нан +40°C дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы ≤ 90% болған кезде орындау керек. Жұмыстарды минуслық температураларда орындаған жағдайда желім бар баллондарды алдын ала оң температурада ұстау керек.

Техникалық сипаттамада берілген барлық сапа көрсеткіштері және ұсынымдар +20°C қоршаған орта температурасы кезінде және 60% ауаның салыстырмалы ылғалдылығы кезінде дұрыс болады. Басқа жағдайларда ашық уақыттың және желімнің қатаю уақытының өзгеруі мүмкін. Ауаның салыстырмалы ылғалдығы төмен болған кезде желімнің қатаю уақыты айтарлықтай ұлғаяды.

Қолайсыз ауа райы жағдайлары кезінде, мысалы, ақтты жел немесе жуан-шашын уақытында, жұмыстарды жүргізген кезде, құрылыс сатыларды арнайы тормен жабу керек, бұл ретте жұмыстарды қатты желдің кезінде жүргізген жағдайда ғимараттардың сыртқы бұрыштарын қорғауға ерекше назар аудару жөн.

Желіммен жұмыс істеген кезде арнайы киімді, қорғайтын көзілдірікті және қолғапты пайдалану қажет. Жұмыс уақытында темекі шегуге, тамақтануға және ашық оттың жанында жұмыс істеуге болмайды, өйткені желімнің құрамына жанғыш газ кіреді. Өз-өзін нашар сезінген белгілері байқалған кезде дереу дәрігерге жүгіну қажет.

Баллонды тесуге, отқа тастауға және автомобильдің салонында тасымалдауға болмайды (тек жүксалғышта ғана тасымалдауға жол беріледі). Желім бар баллондарды балалар жетпейтін жерде сақтау керек.

ЕСКЕРТУЛЕР

Осы техникалық сипаттамадан басқа, материалмен жұмыс істеген кезде жалпы құрылыс жұмыстарын жүргізу және құрылыстағы қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтарды басшылыққа алу керек.

Келтірілген сипаттамалар практикалық тәжірибеге және пайдалану-техникалық сынақтарға негізделеді.

Дайындаушы материалмен жұмыс істеген кезде технологияны орындамау үшін, сондай-ақ осы техникалық сипаттамада қарастырылмаған мақсаттарда және шарттармен қолданылуы үшін жауапкершілік көтермейді.

Материалдың қолдану дұрыстығына күмәндік болған кезде оны өз күшімен сынау керек немесе өндірушіден кеңес алу керек.

Осы техникалық сипаттама, сондай-ақ жазбаша расталмаған ұсынымдар, өндірушінің шартсыз жауапкершілігі үшін негіздеме болып қызмет атқармау мүмкін.

Осы техникалық сипаттама пайда болғанымен барлық алдағылары жарамсыз болып кетеді.

САҚТАУ МЕРЗІМІ

Түпқоймаларда, түпнұсқалық зақымдалмаған қаптамада сақтау - кезінде жарамдылық мерзімі - дайындалған күнінен бастап 12 айдан ұзақ емес.

Желім бар баллондарды тік күйінде, құрғақ жағдайларда 0-ден +50°C дейін температурада тасымалдау және сақтау керек. Ескертпе: температураның -20°C дейін қысқа мерзімді төмендеуіне (1 аптадан ұзақ емес) жол беріледі.

ҚАПТАМА

СТ 84 желімі 850 мл металл баллондарда жеткізіледі.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

СТ 84 құрамы:	газды – пропанды/ изобутанды қысып шығаратын изоцианаттар
Қолдану кезінде қоршаған ауаның салыстырмалы ылғалдылығы:	≤ 90%
Ашық уақыты (желімнің құрғау уақыты):	~ 10 минут
Қорғаушы қабатты ажарлауға, дюбельдермен бекітуге және құруға дайындық уақыты:	~ 2 сағат +20°C кезінде 3-5 сағат 0°C кезінде 5-7 сағат -5°C кезінде 7-10 сағат -10°C кезінде (ауаның салыстырмалы
Толық қатаю уақыты:	24 сағатқа дейін
Қолдану температурасы:	-10-нан +40°C дейін
Бетонға жабысқақтығы:	≥ 0,3 МПа
Көбікполистиролға жабысқақтығы:	≥ 0,08 МПа (көбікполистирол бойынша
Пайдалану температурасы:	-55-тен +90 °C дейін
СТ 84 шығыны:	~ 125 мл/м ² немесе ~ 6,0 м ² -ге 1